

A pair of hands is shown from the front, cupping a small, realistic globe of the Earth. The globe is centered in the frame, showing blue oceans, green continents, and white clouds. The hands are positioned on either side of the globe, with fingers slightly curled to support it. The background is a soft, out-of-focus light color.

*МЕН
ЖӘНЕ
ҚОРШАҒАН
ОРТА*

Қоршаған орта – адамзат қоғамы өмір сүретін

табиғи және антропогендік орта; адамдар, жануарлар немесе объектілер тіршілік ететін немесе әрекет ететін орта немесе контекст




Адамның күнделікті тіршілігі қоршаған орта жағдайларымен тығыз байланысты. Тірі ағзаларға тән көптеген қасиеттер адам ағзасына да тән. Адамның тыныс алуы, тамақтануы, өсуі, дамуы табиғи орта жағдайында өтеді. Сондықтан да адам тіршіліктің құрамды бір бөлігі болып есептеледі. Сонымен бірге адам - өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы саналы тұлға. Адамның өсуіне, дамуына жөне тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік жағдайлардың ықпалы зор.



*Қолайлы қоршаған орта дегеніміз -
объектілерінің жай-күйі экологиялық
қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын
сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық
жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи
ресурстарды молықтыруды және ұтымды
пайдалануды қамтамасыз етеді.*



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қоршаған ортаның электромагниттік ластануын адамзатқа төніп тұрған апат ретінде қарастырып отыр. Электроманшеттік өрістер барлық тіршілік көздеріне теріс әсер ететіні белгілі, соның ішінде адам организміне өте үлкен зардаптар тигізеді. Биологиялық және медициналық зерттеу нәтижелері көрсеткендей электромагниттік өрістердің адамның нерв жүйесіне, ішкі мүшелеріне, физиологиялық дамуына тигізетін теріс зардаптары анықталған. Сонымен қатар, кейінгі кезде шетел мамандарымен бірігіп өткізілген зерттеулерге сүйенетін болсақ, электромагниттік өрістердің әсерінен жүздеген аурулар түрлерінің жаппай таралуы анықталған



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жыл сайын беретін қорытындысына сүйенсек, дүниежүзінде тек ауаның ластануынан қайтыс болатын адамдардың саны, автомобиль апатынан қаза болатын адамдардың санынан асып отыр. Атмосфералық ауаға тасталатын зиянды газдардың үштен бір бөлігін тасымалдау көліктерінен шығатын газдар құрайды. Әрбір жеңіл көлік жылына ауаға 12-13 тонна улы заттар тастайды.



Қазақстан территориясының өте үлкен бөлігі әртүрлі факторлардың әсерінен кешенді ластанған, мысалы, ауаның, судың, жердің әртүрлі өндірістік зиянды қалдықтармен, улы газдармен және т.б. ластануы. Оған полигондарды, сынақ алаңдарын, «Байқоңыр» ғарыш кешенінің, ірі тау-кен өндірістерін, Балхаш, Арал, Каспий суларындағы экологиялық апаттарды, мыңдаған өндірістік кәсіпорын, заводтар мен фабрикаларды қосатын болсақ, Қазақстан территориясының нағыз апат алаңы екенін байқауға болады.

